«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директордың м.а.
Р.Қайратұлы
_____
«___» _____ 2024 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 5 ХАТТАМАСЫ

«6» желтоқсан 2024 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы
- **Л.Ұ. Абекова** - қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі
- **Н.П.Чулакова –**тарихи-мұра бөлімінің жетекшісі
- **М.М.Нурпеисов** – аға ғылыми қызметкер кезекті еңбек демалыста
- **Б.Ж Тайшеев -** кіші ғылыми қызметкер
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** реставратор

Комиссия хатшысы: **Э.К. Онайбекова** – қор сақтаушы

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған қазақтың ұлттық киімдері, белдік және зергерлік бұйымдарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Л.Ұ.Абекова: Сіздердің назарларыңызға музейлік заттарды «By ERA» ЖШС ұсынылып отырған бұйымдары үшін келесі соманы сұрап отыр:

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Бас киім (тымақ)	1	451 250
2.	Әйел адамның сырт киімі (тон)	1	530 000
3.	Кемер белдік	1	3 087 500
4.	Білезік	2	665 000

5.	Жүзік	1	427 500
6.	Жүзік	1	350 000
7.	Сырға	1	325 000
8.	Сақина	2	300 000

Барлығы: 8 атаулы бұйым (10 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **6 136 250 (алты миллион жүз отыз алты мың екі жүз елу) теңгені** құрайды.

Ұлттық киім - бай тарихи мұра, бізге жеткен материалдық мәдениеттің жетістігі, қазақ халқының төл мәдениеті. Көшпелі қазақ елі өзге халықтарға ұқсамайтын киім үлгілерін көшпелі өмір мен табиғи ерекшеліктерге сай қалыптастыра білген.

Киімдер этникалық, экономикалық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі.

Тымақ — ерлердің қысқы бас киімі. Тымақ биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етектен тұратын, аңның, малдың терісінен тігілген болады. Суықтан, бораннан қорғайтындай мол пішіледі. Сыртын берік және жақсы, қымбат маталармен тыстайды. Оның іші тері, сырты пүліш, барқыт тағы басқа матамен тысталады.

Қазақ әйелдер киім-кешегі көшпелі тұрмыс пен ауа райына бейімделіп, шаруашылық пен мәдени ғұрыптық негізде болған. Қамқа тон – иі қандырылып өңделген жұмсақ қой терісінен, қамқадан, өзге де әдемі аң терісінен жаға салып тігілген, қаусырмамен түймеленетін бағалы киім.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған тымақ пен қамқа тон Алтай өңірінікі.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Біз музей қорларын толықтыру мақсатында және белгілі бір тақырыптарға байланысты материалдарды сатып алатындықтан, экспозиция құру кезінде музейге маңызы бар, құнды, болашақта ұрпағымызға халқымыздың тарихын аша алатын материалдарды алуға тырысып келеміз.

Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы екені рас. Адам баласы қай заманда да бас киімге ерекше көңіл бөліп, аса құрметпен қараған. Маған тымақты өте тамаша, қазақи нақышпен, көне стильде жасалғандығы ұнап отыр. Тігілу стилінен Алтай өңіріні екендігі аңғарылып тұр. Иесінің сұрап отырған бағасымен келісемін.

Ал қамқа тонға байланысты пікірімді айта кетсем, қой терісінен жұмсақ етіп иінін қандырып жасалған екен, тоза бастаған, сырт беті қатты кірленген, сақталуы нашар. Иесінің сұрап отырған бағасы тым қымбат.

Н.Ж.Бектұрсынов: Ұсынылып отырған ұлттық киімдердің ішінен тек тымақты алуға болады деп айтқым келеді. Қазақ халқында тымақ қасиетті атрибуттардың бірі болып саналған. Сақталуы жақсы, құнды, түлкі терісінен жасалған, тысы жасыл мақпалдан тысталған, жылы болуы үшін киіз салып, сырып тіккен. Әр өңірде тымақ әртүрлі тігілетін болғандықтан, Алтай өңірі қазақтарына тән шошақ төбелі, төбе мен етек деп аталатын екі бөліктен тұрғандығынан белгілі болып тұр.

Өзім реставратор болғандықтан, бірінші ұсынылған заттың сақталуына аса мән беремін. Әйел баласына арнап тігілген қамқа тонның сақталуы өте нашар, оның үстіне жеңіне салынған оюлар кейін салынған болу керек және біздің қазақи нақышта салынбаған, бағасы қымбат.

Б.Ж. Тайшеев:. Қазақтың ұлттық киімі – қазақ мәдениетінің маңызды және ажырамас атрибуты екенін бәріміз білеміз. Әріптестерім жақсы айтты, музей қорын жинақтау барысында алдағы уақытта сақталуы жақсы, құнды, экспозизияға қоюға, көрмелерге апаруға болатын дүниелерді алу керекпіз. Ұлттық киімдер: тымақ пен қамқа тон жайлы менің пікірім әріптестеріммен бірдей екенін айтқым келеді.

Ал енді, ұсынылып отырған зергерлік бұйымдарға тоқталып кетсем сырға мен екі сақинаны және жүзікті алуға қарсымын, себебі сырғаның жасалу стилі, салынған ою-өрнектері қазақи үлгіде емес. Сақиналар арнайы сақина етіп жасалмаған, түймелерден құрап жасалған. Жүзіктің жасалуы жақсы болғанымен, ескірген, майысқан, қарайған, экспозициялық түрі жоқ дегім келеді.

Р.О. Турсумбекова: Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Ұсынылып отырған бұйымдардың ішінде қос білезік пен беті шыны жүзікке тоқталып кеткім келеді. Қос білезік Қазақстанның шығыс өңірінікі. Таза күмістен жасалған, бедерлеп, нақыштап салған өрнектері де ерекше сол өңірге тән екендігі байқалады. Бұл білезіктер құнды, бірегей және ерекше. Біздің қорда осыған ұқсас білезіктер кездескенімен, дәл осындай өрнекпен жасалғандығы жоқ. Білезіктер көне деп айта аламын, себебі ішкі беті тоза бастаған екен.

Жүзік те таза күмістен, жасалған стилі, ою-өрнектері ерекше, осы секілді бұйымдар жоқтың қасы. Жүзіктің өте ескі және көп тағылғандығы көрініп тұр. Ескілігінен жүзіктің шынысының астына салынған қосымша төсемінің түсі өніп, ағарып кеткен. Ұсынылып отырған зергерлік бұйымдардан осы екі бұйымды алуға келісемін, иесінің сұрап отырған бағасы орынды.

Белдікке келетін болсақ XIX ғ.аяғы мен XXғ.басында тігілген белдік. Ұзақ тағылған белдік. Пластинка пішіндеріне қарап, әр пластиканың бұрышы әр түрлі кесілгенін көреміз, яғни пластинкалардың өзі қалыптау тәсілі арқылы емес, қолмен кесу арқылы жасалғандығын байқауға болады. Өте сирек кездеседі. Пластиналары күміспен шапталып, алтынмен апталған.

Ал ұлттық киімдерге байланысты жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірімен келісемін.

Н.Чулакова: иә, сізбен келісемін, осындай зергерлік бұйымдар бүгінгі таңда кездесе бермейді. Бағасы да тиімді және шынайы, Алматы музейінің қорында зергерлік бұйымдар әлі де аз, сондықтан қорды толықтырары сөзсіз.

Л.Ұ.Абекова: Ұсынылып отырған заттар жайлы айтып кеткен әріптестерімнің пікірлерімен келісемін.

Мен кемер белдік жайлы өз ойымды айта кетсем деймін. Кемер белдік таза былғарыдан XIX ғасыр аяғында, ер адамдарға арналып жасалған. Белдіктің таза ұзындығы 120 см, ені 6,5 см. Белдіктің үстінгі бетіне күмістен шапталған 17 пластинкалар орналастырылған, оның беті алтынмен жалатылған. Пластина үсті қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген. Жасалу барысында әр пластина ойып жасау техникасы қолданылған. Металл үстіне әртүрлі тастарды, шыныларды орналастырған. Сақталуына келсек, кірленген және қажалған. Белдікті алуға қарсы емеспін.

М.М.Нурпеисов: Кемер белдік өте ескі, өте ұзақ тағылғаны былғарының тозғанынан көруге болады. Бетіне түскен пластиналары да жақсы сақталған екен. Пластина бетіне керту арқылы ою-өрнектер түскен. Әр пластинка бетіне алтын жалатылған. Қазіргі кезде өте сирек кездесетін жәдігердің бірі. Белдікті міндетті түрде музей қорына сатып алуға кеңес беремін.

Н.Ж.Бектұрсынов: Иә, мен сізбен толықтай келісемін. Кемер белдік Алтай және Шығыс Казақстан облысында жасалған, жасалу стилі, өю-өрнектері сол өңірге тән. Белдік түпнұсқа, құнды. Сақталуы да жақсы, астыңғы жағының кей жерлерінің былғарысы тілінген. Метал бетіне орналастырылған 17 пластинаның 9 пластинасы жіңішке, 8 –і ауқымды. Осы пластиналарға орналастырылған тастардың біреуі ғана бастапқы, қалғандарын менің ойымша түсіп қалған кезде басқа тастармен немесе шыныларамен алмастырып отырған. Иесінің сұрап отырған бағасы орынды, белдікті алуға болады.

Р.О. Турсумбекова: ұсынылған заттарды қарап, талдау жасап, музейлік, тарихи маңыздылығы ескеріле отырып, тоңның сақталуы нашар болғандықтан, ал зергерлік бұйымдардың қазақи нақышта жасалмай, қосымша түймелерден жүзік жасағандарына орай комиссия төрағасы мен мүшелерінің шешімімен иесіне қайтарылсын деп шешілсін.

Ал, қалған заттардың бағалары иесінінің сұрап отырған бағасынан түсіріп сатып алуға болады дегім келеді.

Р.Қайратұлы: иә, комиссия мүшелері ұсынылып отырған этнографиялық бұйымдарға берген талдаулары мен бағалары орынды. Қазіргі кезде өте сирек кездесетін құнды жәдігерлер. Сіздердің айтқан бағаларыңызбен менде келісемін!

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Бас киім (тымақ)	1	350 000
2.	Кемер белдік	1	3 000 000
3.	Білезік	2	600 000
4.	Жүзік	1	400 000

Барлығы: 4 атаулы бұйым (5 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **4 350 000 (төрт миллион үш жүз елу мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен тоң, жүзік, сырға, 2 (екі) жүзік иесіне қайтарылсын.
2. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 4 атаулы бұйым (5 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
3. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының №5 хаттама музейлік маңызы бар сомасы 4 350 000 (төрт миллион үш жүз елу мың) теңгеге 4 атаулы (5 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына сатып алынсын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Л.Ұ. Абекова

М.М. Нурпеисов

Б.Ж.Тайшеев

Н.П.Чулакова

Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова